

ӘР ЖАС КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ДАҒДАРЫСТАР КӨРІНІСТЕРІ

Жангозиева М.С.

Автор в своей статье дает описательную характеристику кризисных явлений, встречающихся в каждом возрастном периоде. Статья имеет актуальность в наше экономически, материально-духовно кризисное время. Автор излагая каждый возраст переходящий свой кризисный путь, который разбит на определенные периоды многими учеными, хочет передать нам насколько это важно и занимает свое значительное место в наши будние дни, и что необходимо учитывать эти кризисные явления в решении, касающихся этой актуальной проблемы.

In this article the author gives some descriptive characteristics of crisis appearance in the period of every age. The article has actuality in our economical, material and spiritual time. The author describes some crisis ways of every transitive age which were divided into several periods by many scientists and the author also thinks that this phenomenon takes very important role in our future life and we must consider these phenomena as one of the actual problems and we must solve it.

Жас кезеңдері деп өсуі мен дамуы ұқсас физиологиялық ерекшеліктері бірдей уақыт мөлшерінің шегі. Әр жас кезеңдерінің белгілі бір ерекшеліктері болады. Мұнда бір кезеңнен екінші кезеңге ауысу уақытын, өзгеру мезгілі немесе ауысу мерзімін зерттеушілер мүшел жас деп атады.[1]. Өзгеру әр кезеңде де ауыр, организм көп күш жұмсайтын кез, ол денедегі біртіндеп жиналған өзгерістерге жаңадан бейімделу уақыты болып табылады. Сондықтан өзгеру мезгілінде адам организмі біршама әлсіреп, сыртқы орта жағдайында өзгерістерін қиналып өткізеді. Өзгеру мезгілін басынан өткізу адамның жасы ұлғайған сайын қиын болады. Жас кезеңдерінің ортақ ерекшеліктеріне қоса, әр адамның өзінің жеке басының ерекшеліктері болады. Олар адам денсаулығына, тұрмыс жағдайына және жүйке жүйесінің даму дәрежесіне, т.б әр түрлі болады.

Дағдарыс екі жас кезеңінің қосылуы деп те қарастырылады, оның сипаты біріншіден даму кезеңі бойынша анықтау процесі болса, екінші кезеңінің басталу белгісі болып табылады. Жас ерекшелік дағдарыс кезеңінің айырмашылығы: адамдың темпераментіне қатысты, мінез-құлқына, биологиялық жолмен әлеуметтік қатынасына байланысты өзгерістердің көрінуі. Л.С. Выготский, П. П. Блонскийден кейін, белгілі бір дәуірлерді, сатыларды, фазалардың даму өзгерістері немесе дағдарыстарының жалпы схемасында қарастырады. Бұл жерде оларды шектеу өлшемдері ретінде, біріншіден, әр жастың мәнін сипаттайтын жаңа құрылымдар болады. «Жас ерекшелік жаңа құрылымдар» - деп берілген жас сатысында алғаш рет пайда болатын және негізінен баланың санасын, оның ортаға деген қатынасын, оның ішкі және сыртқы өмірін, берілген кезеңдегі оның бүкіл даму барысын анықтайтын, тұлға құрылуын және оның іс-әрекетінің жаңа типі, психикалық және әлеуметтік өзгерістерді түсінген жөн. Екінші критерий ретінде, Л. С. Выготский бір кезеңнен екінші кезеңге өту динамикасын есептейді, бұл динамика шұғыл, қиын және баяу, біртіндеп, созылмалы болуы мүмкін. Осыған сәйкес, Л. С. Выготский жас ерекшелік дамудың келесі тиянақты және қиын-қыстау кезеңдерін бөледі: нәрестелік дағдарыс, сәбилік жас (2ай-1жыл), 1 жас дағдарысы, ерте балалық (1жыл – 3жас), 3жас дағдарысы, мектепке дейінгі жас

(3 жас-7 жас), 7 жас дағдарысы, мектеп жасы (8-12 жас), 13 жас дағдарысы, пубертатты жас (14-18 жас), 17 жас дағдарысы. Мыаслы, Д.Б.Эльконин, Л.С.Выготский схемасын бастапқы ретінде қабылдай отырып, 7 жас дағдарысынан кейінгі кезеңдерді келесі түрде анықтайды: 7 жас дағдарысы, кіші мектеп жасы, 11-12 жас дағдарысы, жеткіншектік балалық шақ (ерте жастық шақ кезеңі). [2].

Жас ерекшелік дағдарысы адам дамудында белгілі бір жас кезеңінен, екінші жас кезеңінде өтудегі күйзелісі немесе өтпелі кезеңі деп қарастырылады. Бұл дағдарыс екі жас кезеңінің қосылуы деп те қарастырылады, оның сипатына бірінде даму кезеңі бойынша аяқталу процесі болса, екінші кезеңнің басталу белгісі болып табылады. Жас ерекшелік дағдарыс кезеңінің айырмашылығы: адамның темпераментіне қатысты, мінез-құлқына, биологиялық және әлеуметтік қатынасына байланысты өзгерістердің көрінуі. [4].

Жаңа туылған шақтағы дағдарыс 0-2 ай аралығы. Жаңа туылғаннан кейінгі алғашқы күндері дене салмағын жоғалтуы. Ал әлеуметтік жағдайына келсек екі жақты қарастыруға болады.[1]. Балада үлкендердің көмегінсіз биологиялық қозғалыстың болмауы және қажеттілігін өтей алмауы.[2]. Балада қарым-қатынасқа түсетін сөйлеу тілі қалыптаспағандықтан үлкендерге деген тәуелділігі арта түседі. Психика дамуының басталуын айқындайтын дағдарыс – бұл туу актісі, соның нәтижесінде баланың ана организммен тура физиологиялық байланысы үзіледі және белсенділіктің психикаға дейінгі үлгілері тіршіліктің жаңа жағдайларымен сәйкес келмейді. Іс-әрекеттің бұдан былай қалыптасуы қосылу функциясына, адамның уыны ретінде терминдеуші бастапқы текті жүйесімен байланысын да қалпына келтіруге бағынады. Сондықтан адамның жеке іс-әрекеті өз қозғалысының барлық қайшылықтары арқылы негізгі бастауға- қоғамға, жеке адамды қоғамдық процестің ішкі органы ретінде бекітуге үздіксіз айналып отырады. Әрбір жаңа дағдарыс, осы қайта қалпына келтіру жолында қайшылықтарды ашады және дамудың жаңа айналымдарын тудыру арқылы жеке адамның қоғам өміріне бұрынғыдан да терең байлауын қамтамасыз етеді. Нәрестенің тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін анасымен, басқа адамдармен байланысты қалпына келтіру тікелей – эмоциялық қатынас процестерінің дамуы арқылы өтеді. Нәрестелік кезеңде эмоция алмасудың бұзылуы, адамның эмоциялық сезімінің төмен дәрежеде дамуына әкеп соқтырады, сөйтіп бұл жеке адамның қоршаған әлеуметтік ортамен байланысының бұзылуына себепші болады. Эмоционалдық сезім кейін жас адамның адамдармен тікелей өзара байланыстар, достық қатынастар орнатуында да маңызды рөл атқарады.

Бір жастағы дағдарыс нәрестелік жастан сәбилік шаққа дейінгі аралық. Бұл жаста тәуелсіздікке байланысты жаңа аффектілі құбылыстар байқалады. Бала кішкентайынан «болмайды» сөзімен таныс, осы дағдарыс кезеңінде ол өзектілене түсетін болады. Бір жастағы дағдарыста жалпы кері кету әрекеті яғни бұзылуы төмендегідей:

- биоырғақ процесінің бұзылуы, ұйықтамау;
- өзін қанағаттанудыру қажеттілігінің бұзылуы, аш сезінуі, өзінің ұнататын тамағын жемеуі, тамаққа тәбетінің болмауы;
- ашу қысуының, жылауық, өкпелегіш, жабырқаулы, көрінуі.

Өткір дағдарыс кезеңі – үш жас болып табылады. Бала өзінің бейнесін айнадан көруге және өзгенің өзіне қалай назар аударатыны қызықтыратын болады. Үш жастағы баланы түзетудің қажеті болмайды себебі бұл дағдарыстағы нышан жеті негізгі элементтен тұрады:

1. Жағымсыз: Баланың үлкендер сөзіне қарсыласуы ол мазмұнына қарай емес, тек үлкендер айтқандықтан керісінше жасауды ұнатады.

2. Бір беткейлік: Өзіне қажет ету үшін иемес, талап қойып сол бағытта өзін ұстануы.

3. Қыңырлық: Ол осы жасқа дейін қалыптасқан тәрбиеге қарсы шығуы.

4. Еріктік: Балада бәрін өзім істеймін қабілетін меңгеруі.

5. Бүлік – наразылық: Бала қоршаған орта мен жауласу деңгейінде.

6. Құнсыз ету: Бала өзінің жақынын, ата – анасын мазактау, ызаландыру, ұрсу.

7. Қаталдық: Бала өзінің талабын ата – анасына орындатады. Қаталдық кіші сінлі немесе ініге байланысты қызғаныштан туындайды.

Дағдарыс барысында бала өзіндік сананы әлеуметтік қатынаста қалыптастырады. Баланың көз – қарасында «Мен», «Мен өзім» керек және тиісті сөздерінің мағынасын түсініп қолданатын болады. Мысалы, баланың 3 жасқа қарай жүретін іс-әрекеті, ең алдымен тек заттардың формалары мен қасиеттерін түйсінуге ғана бағдарланады. Бірақ бұл ақытта өрістеуші органикалық жүйелердің жолында басты кедергі іс-әрекет әбден дағдыланып алған физикалық байланыстар емес, баланың әрбір қадамында кездесетін «болмайды» деп айтылатын сөз түріндегі әлеуметтік-рөлдік қатынастар баланы шыны бетіне соғылған көбелек сияқты етеді. Жағдайлар өзінің қауырттығымен заттар арқылы әрекетті меңгерудегі аталған бағдар құрылымын бұзады, әлеуметтік қатынастарға және рөлдік мінез – құлық формасындағы басты қажеттілік ретінде бағдарды туғызады. Келесі кезеңнің басты іс – әрекеті жанама сипатты танымға өтетін рөлдік ойын болып табылады. Заттардың көріну шегінен асып кететін балалардың алдынан шексіз қиял мен ертегілер әлемі есігін ашады. Жұмбақ мифологиялық формаларда адам тұңғыш рет өзіне беймәлім күштер мен заңдардың әрекет мүмкіндігін ұғынады, тікелей қабылдаудың позитивтік бағдарының шектелуі екенін түсінеді. Дағдарыс кезінде іс-әрекет толқыны объективті кедергілерге ұшырап, оны уақытша бөгелу ретінде санап, одан өтіп кетуге тырысады. Бұл баланың өжеттігінен, бірбеткейлігінің артуынан көрінеді, қыңырлық ең кінәмшілдік ноны қоршаған әлеуметтік ортаға ықпал ету тәсілі ретінде көрінеді. Кейін бұл психологиялық толқын артқа, жеке бастың ең терең бастапқы қабаттарын қайта құруға оның қажеттілікті қисындылық саласына қарай бұрылады. Осыдан кейін қозғалыс пайда болған кедергілерді ескеріп, заттың когнитивтік схемаларды меңгеруге қарай, іс-әрекетті, эмоциялық ерік-жігердің реттелу деңгейі арқылы жүреді. Сөйтіп, іс-әрекет бірнеше рет айналып өтетін органикалық қозғалыс сияқты дамуда ширатылады. Дамыған ой даналығы күрделі өмірлік жағдайлардың объективті қайшылықтарын шамамен айналып өту қабілеттілігі арқылы анықталады.

Жеті жастағы дағдарыс. Бұл бір жастағы дағдарыспен өзіндік реттелумен айқындалады. Бала өзі қажет деген мінез-құлық ережелермен өзін реттей алады. Л.С.Выготский ұсынған белгілер: сырбздану және қылықтану.

Дағдарыстың қайнар көзі: ерте жастағы сипатқа мектеп жүйе қатынасының сәйкес келмеуі. Бала өзінің сезімін ұстай немесе меңгере алмайды. Себебі, бір мінез-құлықты жоғалта отырып, орнына жаңа қылық меңгере қойған жоқ. Жеті жастағы дағдарысты меңгерген бала өз эмоциясын басқара алып, жағдайдан еркін немесе әдейі шыға алуды меңгереді. Мектепте дейінгі баланың 7 жас дағдарысы күрделі кезеңнен тұрады. Өйткені бала ойын әрекетінен – оқу әрекетіне бет бұрады. Көптеген зерттеушілер 7 жастық дағдарыста мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлген: ішкі жан дүниесінің қиындығы немесе шынайы сезімдерін білдірмеу. Конфликт кезінде бала өзінің дұрыс емес екенін түсінген жағдайда эмоциясын, көз – жасын басқа адамдарға көрсетпеуге тырысады. 7 жас дағдарысы баланың уайымдауы ғана емес оның әрекетіне байланысты болады. 6 – 7 жас аралығындағы балалардың әрекеті күрт өзгеріп, оларды тәрбиелеу қиынға түседі. Психологтар мен ата – аналардың айтулары бойынша балаларда агрессия пайда болып, кез-келген құбылысқа көз жасымен, ашумен жауап қайтарады. Кей-кезде бала тек қана агрессиямен шектелмейді. Мысалы: баласын жазалаған ата-анасы бөлмеден шыпауға немесе белгілі бір әрекет түріне тыйым салады.[7]. жасарлық дағдарыстан бала туыстарынан, достарынан алшақтай бастайды. Мұндай жағдайлардың баланың жүйелік-психикалық дамуында кемшіліктер туындайды. Топтық ойынға мүлде қатыспай, қашқақтайды. Баланың мұндай әрекетін уақытында елемесе, балада соматикалық аурулар пайда бола бастайды. Мұндай кезеңде баланы міндетті түрде дәрігерге апару керек.

1. **Жеткіншек кезеңіндегі дағдарыс.** 13-14 жас – әлеуметтік даму кризисі, бұл да үш жастағы «Мен өзім», енді әлеуметтік мағынада қолданылады. Әдебиеттерге жүгінсек бұл жасты екінші рет кіндік кесу жасы деп те қарастырады. Негізгі сипаты өткірлік деңгейінде,оның белгілері төмендегідей: баланың оқу әрекетіндегі жемістілігі, дарынды жағының көрінуі төмендейді. Дағдарыстың екінші белгісі – жағымсыздық. Бұл кезеңді кейде үш жастағы дағдарыспен ұқсас қарастырады. Бала ортадан өзін шектейді, ұрысқа дайын тұрады, сенімсіздік, жалғыздыққа қарай өзі талпынады. Ер балада жағымсыздық ерте және ашық байқалады, ал қыз балада 14-15 жаста көрінеді. Жеткіншекте дағдарыс кезінде анау айтқан мінез – құлқында жағымсыз сипат көрінбеуі мүмкін. Осы туралы Выготский мінез-құлықты үш вариантта қарастырады.

Бірінші варианты – жеткіншекте жағымсыздық барлық жағынан ашық байқалады. Оның мерзімі бір – екі аптадан, бірнеше айға дейін созылуы мүмкін, осындай құбылыс 20 ұпайға жуық жеткіншекте көрінеді. Екінші типте балада-күшті жағымсыздық. Балада ол өмірлік жағдайдың кейбір жерінде байқалады: қоршаған ортаның ұнамсыз құбылысына, отбасындағы қақтығыс, үлкендер жағынан қысым көрсетілуі, қолайсыз жағдай тудыруы, оған 60 ұпайдағы жеткіншектер жатады. Ал үшінші жағдайда – жағымсыз жағдай жалпы байқалмайды немесе жоқтың қасы. Ол 20 ұпайға жуық жеткіншектерде кездеседі. Жеткіншекте психологиялық қақтығыс көбіне өзіне ғана емес тікелей қоршаған ортаға деген көзқарастан туындап отырады.

Жастық шақ дағдарысы 18-19 жас, зерттеулер көрсетуіне сүйенсек, бұл жаста дағдарысты жеңу жағдайы төмендегідей. Алғашқы - ішкі мүмкіндіктерге сай дағдарыс жағдайынан шығуда мәнді саналы кең стратегияны пайдалана

алады. Екінші жағдайда – өзінің эмоционалды күйзелісіне қарай дағдарыстан шығуда мәнді шешілу жағын қарастыра және ойын жинақтай алмауы. Үшіншіден – дағдарысты шешуден қашу, оның себебі жағымсыз күйзелістен, оны жеңуге күш салмай, басқа біреуге аудару салу, өзіне жауапкершілік алмау. Жастық шақтан ересектікке өту кезеңі 22-23 жас аралығы. Басты анықтау себебі – барлық өмір сүру жылдары ұстанатын жол деп қарастырылған.

Есею кезеңіндегі дағдарыс 33 жастан ары қарай психологиялық ерекшелігі: адам өзінің мүмкіндігін нақты көре отырып, өзіне шектеу қою, жастық шақпен толық қоштасады. Осы жастағы басты ерекшелік – мамандықты яғни кәсіпті өзгерту болып табылады. Кәсіпті өзгерту дағдарыстан шығудың бір жолы, сондықтан 30 жастағылар түгелдей басқа кәсіпке төселе алады. Жұмысты өзгерту тәуекелге бару табысқа жететініне толық іштей сену арқылы қызығады.[2].

Орта жас дағдарысы 50 жаста тағы да өздеріне көңілдері толмаушылық пайда болады. Физиологиялық жағынан қартаю белгілері пайда болады. Беттеріне әжім түседі, шашы түсе бастайды. Өздерінің өмір сүру жағдайына риза әйелдер мен ер адамдар өмірінің осы сәттерін бастарынан жақсы өткереді. Бұл жастағы адамдарға тән «орта жас дағдарысын бастан кешіреді. Левинсон бұл кезеңді «өтпелі орта кезең деп атайды. Адамның бірінші жарты ғұмыры артта қалады. Осы жаста адамдар көптеген проблемалармен қақтығысады. Орта жаста олардың ата – аналары қартайды, ауырады, болмаса, қайтыс болады. Солардың өлімдеріне қайғырады. Орта жаста жалғыздық қасіретін тартатындар да көп болады. Балалары өсіп, оларды тастап, басқа жанұя құрып кетеді. Олардың өмірлеріндегі проблемаларға қайғырады. Орта жаста әйелдерде климакс басталады. Ол ерлерге де тән құбылыс. Осы жаста көптеген әйелдер депрессияға ұшырайды. Оның себебі, организмде болатын гормондық өзгерістерге байланысты. Зерттеулер көрсеткеніндей, жұмыс істемейтін әйелдерге қарағанда, жұмыс істейтін әйелдерде кризистен өту жеңілрек өтетіні анықталған. Әлеуметтік және психологиялық факторлар организмдегі физиологиялық өзгерістер кезінде де шешуші роль атқаратындықтары анықталған. Орта жаста ерлер арасында да депрессияға ұшыраушылар көп кездеседі. Ауыр жұмыс жасайтын ер адамдар өздерінің күшінің азайғандығын байқайды. Өздеріне деген сенімсіздік пайда болады, шаршағандық, жүйкесі жұқарғандық, стресстік жағдайларды бастан кешіреді.[3].

Қорытынды

Жас кезең адамның өсуі мен дамуының арақатынасы. Әр жас кезеңі белгілі ерекшеліктермен сипатталады. Яғни, бір сөзбен айтқанда адамның дамуы қарапайымнан – күрделіге, төменнен жоғары қарай болатын процесс. Нақтырақ айтсақ, бір кезеңнен екінші кезеңге ауысу болып табылады. Даму процесінде баланың әлеуметтік жағдайы өзгереді. Әр жас өз тарапынан психикалық дамудың сапалық ерекше кезеңі болып келеді және көптеген ерекшеліктермен беріледі.

Әдебиеттер:

1. М.М.Мұханов. Жас ерекшелік және педагогикалық психологиясы. 2002ж.
- 2.М.В.Гамезо,Е.А.Петрова,Л.М.Орлова. Возрастная и педагогическая психология. 2003г.
3. Грэйс Крайг. Психология развития. 2002г.
- 4.А.Қ Омарқұлова, Ә.М.Нұралиева Жас ерекшелік дағдарысы-әлеуметтік психологиялық дамудың басты себебі ретінде.